



951-1000

Abylkas Saginov Karaganda Technical
University

June 2025

Date

Ben Sowter
Senior Vice-President
QS Quacquarelli Symonds

QS World University Rankings 2026 рейтингінде ұсынылған 20 Қазақстандық университеттің ішінде Әбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті ұлттық тізімнің ТОП-10 көшбасшысына қайта кірді.

Беделді халықаралық рейтингке қатысу университеттің жаһандық академиялық кеңістіктегі тұрақты орнын растайды. Университет өзінің академиялық беделін нығайту, халықаралық байланыстарды кеңейту және ғылымды дамыту бағытындағы

атаындағы Қарағанды техникалық университеті әлемнің үздік университеттері арасында 102-орынға ие болды.

Жалпы, барлық көрсеткіштер бойынша тұрақты өсім байқалады.

Осылайша, тұрақты даму саласындағы елеулі ілгерілеушілік (1,2-ден 29,7 баллға дейін) университеттің БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға саналы түрде берілгендігін көрсетеді. Академиялық бедел (9,7 балдан 10,3 балға дейін) және жұмыс берушілер арасындағы беделі көрсеткіштерінің (7,7-ден 16,9 бал-

QS World University Rankings 2026

Әбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті QS World University Rankings 2026 рейтинг бойынша әлемнің үздік университеттерінің қатарына кіріп, 951–1000 диапазонында орын алды.

қадамдарын жалғастыра отырып, әлемдік деңгейде мойындалған жоғары оқу орындарының қатарында қала береді.

Оқытушылар мен студенттердің арақатынасы көрсеткіші бойынша Әбілқас Сағинов

ға дейін) артуы университеттің халықаралық академиялық қоғамдастықта ғылыми ұстанымының нығайуын және өндірістік серіктестер тарапынан сенімнің артқанын, сондай-ақ түлектердің еңбек нарығындағы жоғары бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

2026 жылғы рейтингте университет алғаш рет жаңа маңызды көрсеткіш — халықаралық студенттердің алуан түрлілігі бойынша бағаланды, ол үшін университет 26,4 балл алды, бұл университеттің басқа елдерден келген студенттер үшін артып келе жатқан тартымдылығын және оның интернационалдандырудың прогрессивті дамуын көрсетеді.

Университет халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, ғылымды дамытуға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған даму стратегиясын жүйелі әрі дәйекті түрде жүзеге асыруды жалғастыруда.

Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова вошёл в число лучших университетов мира по версии QS World University Rankings 2026, заняв позицию в диапазоне 951–1000.

Среди 20 казахстанских университетов, представленных в рейтинге QS World University Rankings 2025, Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова вновь вошёл в ТОП-10 лидеров национально-го списка.

Участие в престижном международном рейтинге подтверждает устойчивое присутствие университета в глобальном академическом пространстве. Университет остаётся в числе глобально признанных вузов, продолжая реализовывать шаги по укреплению академической репутации, наращиванию международных связей и развитию науки.

По индикатору соотношение количества преподавателей и студентов Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова занял 102-е место среди лучших университетов мира.

В целом по всем индикаторам наблюдается стабильный рост. Так значительный прогресс в области устойчивого развития (с 1,2 до 29,7 баллов) отражает осознанное стремление вуза к реализации целей устойчивого развития ООН.

Повышение показателей по индикаторам академическая репутация (с 9,7 баллов до 10,3 балла) и репутация среди работодателей (с 7,7 до 16,9 баллов) свидетельствует об укреплении науч-

ной позиции университета в международном академическом сообществе и росте доверия со стороны индустриальных партнёров, а также высокой конкурентоспособности выпускников на рынке труда.

В рейтинге 2026 года университет был впервые оценён по новому значимому индикатору — разнообразию международных студентов, по которому университет получил 26,4 балла, что отражает растущую привлекательность университета для студентов из других стран и поступательное развитие интернационализации.

Университет продолжает системную реализацию стратегии развития, нацеленной на рост международного присутствия, развитие науки и повышение качества образования.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ



Воспоминания и удивления!

Юбилейная встреча
выпускников «Политеха»

Стр. 2.

Румынская модель инновационного развития

Подробности визита в Технический университет Клуж-Напоки

Стр. 4.

Развитие инклюзивного высшего образования

Международный семинар в рамках Миссии технической помощи

Стр. 5.



WorldSkills Karaganda 2025

Награды для самых
трудолюбивых студентов

Стр. 6.



Попасть в ВУЗ можно без сдачи ЕНТ!

Специальные сертификаты
вручили в войсковой
части 5451

Стр. 8.



Түлектерге — 50 жыл: «Политех» бітірушілерінің мерейтойлық кездесуі



Студенттік шақ — көптеген жоғары оқу орындарының түлектері үшін ең әдемі әрі ұмытылмас кезең. Араға ондаған жылдар салып, кез келген адамның курстастарымен кездесіп, құшақ жая табысуы оңайға соқпайды. Жылдар мен арақашықтық бұл мүмкіндікті шектейтіні анық. Алайда Қарағанды «Политехнің» түлектері үшін бұл жолы бәрі басқаша болды.

Жуырда бұрынғы Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс факультетінің (қазіргі Сәулет-құрылыс факультеті) ПГС-70-7 тобының түлектері бітіргендеріне 50 жыл толуына орай мерейтойлық кездесу өткізуге жиналды.

Өкінішке қарай, түлектер қатары біршама сиреп қалыпты. Бір кездері ПГС-70-7 тобында тіркелген 25 адамның ішінен мерейтойлық кездесуге тек 12 адам ғана қатыса алды.

Түлектер кездесуіне бастамашы болғандардың және ұйымдастырушылардың бірі — техника ғылымдарының кандидаты, «Құрылыс материалдары мен технологиялары» кафедрасының доценті Абай Қасымов қонақтарды өз курстастарымен таныстырды.

— Міне, біздің топтың старостасы Мұқатай Немеребаев — сол кезеңде Лениндік стипендия ие-

гері болған, қазіргі таңда Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің кафедра меңгерушісі, профессор. Оның жанында — өмірін толығымен құрылыс саласына арнаған, қатардағы мастерден бастап трест басқарушысына дейінгі жолды жүріп өткен, бүгінде зейнеттегі Ганиолла Құсайынов. Ал Нұрғазы Мұсабеков — зейнетке шыққанға дейін жетекшілік салада жұмыс істеген, Қарағандының Шахта құрылысы басқармасының бастығы болған, қазіргі уақытта Алматы қаласының тұрғыны. Тараз Сәрсенов Орал қаласынан келді. Бұрын құрылысшы, бас инженер және жылжымалы механикаландырылған колоннаның бастығы болған, қазіргі кезде Технадзор саласында жұмыс істеп жүр. Марат Кәкімов те Елордадағы Технадзорда еңбек етуде...



Осы сәтте Әбілқас Сағыновтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне шақырту келіп, әңгіме үзіліп қалды. Түлектерге Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің (Қарту) Басқарма төрағасы — Ректор Сауле Сагинтаева қосылды. Ол университеттің өмірге жолдама берген түлектерін әрдайым қуана қарсы алатынын айтып, мерейтоймен шын жүректен құттықтап, оларға зор денсаулық, сергектік және бақыт тіледі.

Қарту аппаратының басшысы Аристотель Исағұлов та түлектерге өздері оқыған оқу орнын ұмытпай келгендері үшін алғыс білдіріп, оларды институт қабырғасынан шыққан сәттен бері өткен жарты ғасырлық мерекелері-

мен құттықтады. Ол соңғы жылдары болған оң өзгерістер туралы айтып, қазіргі таңда университет бұрынғы ұрпақтар қалыптастырған даңқты дәстүрлерді лайықты жалғастырып келе жатқанын және елдегі жетекші техникалық жоғары оқу орындарының біріне айналғанын атап өтті.

Кейін 50 жыл бұрынғы түлектер өз факультеттеріне кіріп, «Құрылыс материалдары және технологиялар» кафедрасына, сондай-ақ университет мұражайына барды.

Университеттегі жағымды өзгерістер түлектерге ерекше әсер қалдырды. Олар өздерінің «Политехтерінің» бұрынғыдай ең үздіктер қатарында екенін көріп, марқайған көңілмен аттанды.

Saginov Technical University Еуроодақ елшіліктері өкілдерін қарсы алды

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Еуропалық Одақ елшіліктері өкілдері мен Қарағанды облысы басшылығы арасындағы диалог алаңына айналды.

Кездесуге қазақстандық тараптан Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыс әкімінің орынбасарлары Еркем Алпысов пен Әлібек Әлденей, сондай-ақ Әбілқас Сағынов атындағы Қарту-дың басқарма төрағасы — ректор Сауле Сагинтаева, басқарма мүшелері, университет проректорлары және басқа да өкілдер қатысты.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев атап өткендей, өңірде еуропалық компаниялардың қатысуымен бірқатар жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді. Олардың қатарында «Бөмер» арматура өндірісі, «Изоплюс Орталық Азия» алдын ала оқшауланған құбырлары, «Линде Газ Қазақстан» техникалық газдары мен «Соларнет» күн электр станциясы бар. — Бұл жобалар өзара мүдделердің бар екенін және осындай ынтымақтастықтың тәжірибесін кеңейтуге болатынын көрсетеді, — деді өңір басшысы.

— Біз жаңа инвестицияларға, технологиялық серіктестіктерге және қолданбалы ғылыми-зерттеу жобаларына мүдделіміз, — деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесу аясында делегация назарына энергетика, көлік, машина жасау, тау-кен және өзге де салаларды қамтитын Saginov Technical University-дің ғылыми және инновациялық жобалар көрмесі ұсынылды.

Кездесу барысында тараптар өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасып, болашақтағы әріптестіктің негізгі бағыттарын айқындады.

Университет басшылығы еуропалық серіктестермен ынтымақтастықты кеңейтуге дайын екенін білдіріп, халықаралық байланыстарды нығайтудың және жаһандық білім беру мен ғылыми кеңістікке интеграцияланудың маңыздылығын атап өтті.

Еуропалық Одақ елшіліктері өкілдерінің Қарағанды облысына сапары аясында тарихи жадыны сақтау



мен жазықсыз құрбандардың рухына тағзым ету басты мақсаттардың бірі болды. Облыс аумағында саяси қуғын-сүргін және ашаршылық жылдарында зардап шеккендерге арналған бірнеше ескерткіш бар. Солардың ішінде Спасск мемориалдық кешені — ең ірісі әрі символикалық мәні жоғары нысан.

Айта кету қажет, 31 мамыр Қазақстанда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде ресми түрде белгіленген. Осы күнге орай еліміздің барлық өңірлерінде естелік іс-шаралар өткізілді: білім беру ұйымдарында арнайы сабақтар ұйымдастырылып, ескерткіштерге гүл шоқтары қойылып, еске алу митингілері өтті.

Өз кезегінде қонақтар өзара тиімді серіктестіктің нақты мысал-

дарын атап өтіп, ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге дайын екендіктерін жеткізді. Олар Қазақстанмен, соның ішінде Қарағанды облысымен бірлесіп жұмыс істеудің барлық негізгі бағыттарында зор әлеует бар екенін ерекше атап өтті.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарту еліміздің жетекші техникалық университеттерінің бірі ретінде бұл ортақ іске өз үлесін қосуда. Қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қолданбалы ғылымды дамыту бағытындағы күш-жігердің нәтижесінде «Картех» инновациялық-индустриялық хабы университет базасында құрылып отыр. Бұл — білім мен ғылымды ұштастыруға бағытталған стратегиялық қадамның нәтижесі.

Уважаемая Назым Амангазыевна!

Примите сердечные поздравления от многотысячного коллектива Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова по случаю Вашего юбилея!

Вся Ваша жизнь связана с работой в коллективе нашего университета. Вы являетесь его выпускницей, здесь Вы закончили аспирантуру, стали кандидатом технического наук, автором свыше 130 методических и научных статей и работ.

На какой бы должности Вы ни работали, Вас всегда отличала активная жизненная позиция. Благодаря ей, Вы были избраны на хлопотную и ответственную должность председателя профкома преподавателей и сотрудников университета. И в этом качестве снискали всеобщее уважение и любовь членов профсоюза, которые оценили Ваши неизменно доброже-

лательное отношение к людям, умение найти подход к каждому, отстаивать их интересы.

Ваш добросовестный труд получил высокую оценку со стороны руководства университета, области и страны. Свидетельством тому многочисленные благодарственные письма, почетные грамоты, медали, звания.

Гордимся тем, что работаем рядом с Вами. Желаем Вам всегда оставаться таким душевно щедрым, внимательным к людям и их проблемам человеком. Крепкого Вам здоровья, неиссякаемой энергии, благополучия, счастья!

Председатель Правления — Ректор
НАО «Карагандинский технический университет
имени Абылкаса Сагинова»,
д.э.н., профессор С. С. Сагинтаева



Мерейтоймен құттықтаймыз!

Поздравляем с юбилеем!

@saginovtech

Saginov Technical University-де ғылым мен өндіріс мамандары бас қосты



20 маусымда Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Кеніштік аэрология және еңбекті қорғау» кафедрасында ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі, «Қазақстан төтенше жағдайлар органдары ардагерлерінің ұйымы» қоғамдық бірлестігінің және Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдерімен кездесу өтті.

ның орынбасары Еркебұлан Шорманбаев және өзге де мамандар болды.

Қонақтар кафедра қызметімен, сондай-ақ өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігіне арналған зертханалармен танысты. Кафедра оқытушылары Рахат Тілеуғабыл, Бекжан Исаков, Рысбек Дарын және басқалар бар жабдықтарды таныстырып, олардың мақсаты мен қолдану әдістері туралы егжей-тегжейлі ақпарат берді. Әсіресе көпқабатты тұрғын үйде ұйымдастырылған

жасанды өртті сөндіру тәжірибесі қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Кездесу барысында қонақтардың бірі орынды пікір білдірді: «Өртті тұрғын үйде емес, мысалы, шахта жағдайында сөндіруді үйрету пайдалырақ болар еді. Бұл — техникалық университетте оқитын студенттер үшін анағұрлым маңызды тәжірибе». Дегенмен, оқыту тәсілі мен заманауи құралдарды пайдалану арқылы болашақ мамандарды

даярлауға бағытталған жұмыс ардагерлер мен ТЖ саласының мамандарынан оң баға алды.

Сондай-ақ, кафедра оқытушыларының қатысуымен ТЖ қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мүмкіндігі талқыланды.

Кездесу соңында қонақтар бұрынғы Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен жиналған табиғи минералдар үлгілері қойылған геологиялық мұражайға экскурсия жасады. Мұражай да үлкен қызығушылық тудырды.

Қонақтар Тау-кен факультетінің деканы Нұрбек Жолмағамбетовке және кафедра ұжымына жылы қабылдауы мен мазмұнды кездесу үшін ризашылықтарын білдіріп, Қарағанды облысы ТЖ департаменті мен университет арасындағы әріптестіктің алдағы уақытта одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

Saginov Technical University өкілдерінің «ҚР органикалық синтез және көмір химиясы институты» ЖШС басшыларымен және мамандарымен кездесуі

24 маусымда Басқарма Төрағасы — Ректор Сауле Сагинтаева бастаған Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ өкілдерінің «ҚР органикалық синтез және көмір химиясы институты» ЖШС басшылары мен мамандарымен кездесуі өтті.

Кездесу қажетті зерттеулер жүргізілетін зертханаларда тікелей өтті.

Соның арқасында және оның өнімділігі барлық күткен нәтижеден асып түсті. Ең алдымен «Биологиялық белсенді заттар синтезі» зертханасының меңгерушісі О.Нұркенов, осы зертхананың бас ғылыми қызметкері С.Фазылов, «Полимерлер химиясы» зертханасының меңгерушісі А.Жакина, «Көмір химиясы» зертханасының меңгерушісі және «СБАВ» зертханасының ғылыми қызметкері А.Ме-

дыбаева делегация үшін Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ды таныстыру экскурсиясын өткізді. Оны өткізу барысында қонақтарда көптеген сұрақтар туындады.

Химиктердің жұмыс алаңындағы кездесу институт басшылығының кабинетіне қарағанда қызықты әрі пайдалы болады. Университет өкілдері зертханаларды өз көздерімен көріп, жабдықтармен танысып, қызметкерлердің шешетін міндеттері туралы өз ауыздарынан ести алды. Кездесу барысында олар қандай мәселелермен

бірлесіп жұмыс істей алатынын анықтады.

Сондықтан, одан кейінгі талқылау қызықты да нәтижелі болды. Сауле Саветовна назар аударған бірінші нәрсе — көмір химиясының бағытын жандандыру. Әзірге бізде мұндай арнайы білім беру бағдарламасы жоқ. Алайда, көмір химиясы, су айдындарын, сарқынды суларды тазартуды немесе дәрілік препараттар өндірісін алу сияқты үлкен әлеуетке ие екені белгілі болды.

Тараптар ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға өзара қызығушылық танытты. Өткізілген



әңгіме алдын-ала белгіленген тақырыптардан әлдеқайда асып түсті. Алдағы уақытта талқыланған мәселелер бойынша шараларды нақтылау үшін кездесулер жалғастырылатын болады.

Saginov Technical University «Нанотехнология және металлургия» кафедрасының профессоры тәуелсіз агенттіктің профессор-оқытушылар құрамының бас рейтингінің ТОП-50-ге кірді



Жоғарыда аталған рейтинг бойынша «Металлургия» (бакалавриат, магистратура) және «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» (бакалавриат, магистратура) білім беру бағдарла-

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) жыл сайын өткізетін «ҚР жоғары оқу орындарының сұранысының тәуелсіз рейтингі — 2025» білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулерді саралау мен бағалаудың тиімді құралы болып табылады.

малары тиісінше 1 және 2 орындарды; және «Металлургия» бойынша докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша 2 орынды иеленді.

Осылайша, Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың «Нанотехнология және металлургия» кафедрасы білікті өндірістік және ғылы-

ми кадрларды даярлау тұрғысынан өзінің жоғары мәртебесін растады, ол профессор Аристотель Исағұловтың осында қалыптасқан және жетілдіріліп жатқан ғылыми мектебіне айтарлықтай қарыздар.


Айта кету керек, осы кафедраның профессоры Виталий Куликов АРТА профессор-оқытушылар құ-



рамының бас рейтингінің ТОП-50-не кірді!

Рейтинг нәтижелері кафедрада жүзеге асырылатын ғылыми және білім беру бағыттарының өзектілігін көрсетеді.

STU делегациясы инновациялық дамудың румындық моделімен танысты



Бағдарлама аясындағы негізгі бағыттардың бірі — 20 мыңнан астам студент оқитын Румынияның жетекші инженерлік жоғары оқу орындарының бірі — Клуж-Напока техникалық университетіне (UTCN) сапар болды. Бұл университет елдегі ең белсенді уақып келе жатқан зерттеу және инновациялық орталықтардың қатарына кіреді. Сонымен қатар, Румынияның мемлекеттік жоғары оқу орындары арасында Еуропалық Одақ қорларынан қаржыландыру тарту бойынша үшінші орында тұр. Университет жасанды интеллект, өнеркәсіптік инженерия және робототехника салаларында

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің делегациясы Румынияға жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында Басқарма төрағасы — университет ректоры Сауле Сагінтаева, Басқарма мүшесі — ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Али Мехтиев және Коммерцияландыру кеңсесінің басшысы Рустам Бузяков бар.

ағылшын және француз тілдеріндегі білім беру бағдарламаларын белсенді дамытып келеді.

UTCN басшылығымен өткен кездесуде академиялық ұтқырлық, бірлескен зерттеу жобалары және халықаралық гранттарға қатысу мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, STU делегациясы университеттің зертханалары, стартаптары және спин-офф компанияларының үлгілерімен танысты.

Сапар барысында делегация Клуж жудеца кеңсесінің қолдауымен құрылған TETAROM индустриялық паркіне де барды. Қазіргі уақытта TETAROM жалпы ауданы шамамен 2 миллион м² болатын үш жұмыс істеп тұрған индустриялық паркті басқарады. Бұл парктерде Emerson, Bosch, De'Longhi секілді 130-дан астам компания орналасқан. Инфрақұрылымға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 1 миллиард еуродан асады. Парк жалға алушыларға өндірістік және кеңсе кеңістігін, инженерлік коммуникацияларды, бизнес-ин-

кубатор қызметтерін, сондай-ақ заңгерлік, инвестициялық және логистикалық қолдау көрсетеді.

Сондай-ақ делегация аймақтағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі — Emerson SRL

кәсіпорнының өндірістік алаңына барды. Бұл кәсіпорын автоматтандырылған басқару жүйелерін өндіруге маманданған және UTCN университетімен кадрларды даярлау мен студенттердің тағылымдамаларын ұйымдастыру бағытында тығыз әріптестік орнатқан.

Клуж-Напокаға жасалған бұл сапар ғылым, білім беру және өнеркәсіп салаларындағы даму үлгілерін тиімді зерделеуге бағытталған маңызды практикалық қадам болды. Румынияда жүзеге асырылып жатқан «үштік спираль» моделі — университет, индустриялық компаниялар және жергілікті билік арасындағы тұрақты серіктестік тетігі — ерекше қызығушылық туғызды.

TETAPOLIS жобасы аясында іске асырылып жатқан Клуж-Напока техникалық университеті,



TETAROM индустриялық паркі және қала мэриясы арасындағы өзара іс-қимыл форматы — технологиялық стартаптарды қолдау, білім трансферін дамыту және түлектерге сұранысқа ие жұмыс орындарын құру жолымен Қарағанды өңірінде де осындай экожүйе қалыптастыру үшін әлеуетті үлгі ретінде қарастырылуда.

Клуж-Напока мен Қарағандының бауырлас қалалар болып саналуы бұл сапарға қосымша мән береді. Бұл жағдай университеттер, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және бизнес-қоғамдас-тық арасында бірлескен білім беру бағдарламалары, ғылыми-зерттеу жобалары және кәсіпкерлік бас-тамалар аясында тұрақты ынтымақтастықтың кең мүмкіндіктерін ашады.



Инклюзивті жоғары білім беруді дамыту



2025 жылдың 12–13 маусымында Astana IT University-де Техникалық көмек миссиясы аясында «Инклюзивті жоғары білім беруді дамыту» тақырыбында халықаралық семинар өтті.

Семинарды ұйымдастырғандар:

- Жоғары білімді реформалау ұлттық сарапшылар тобы (HERE).
- Қазақстандағы Erasmus+ ұлттық кеңсесі.
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті.

Еуропалық жоғары білім кеңістігінен (ЕЖБК) шақырылған халықаралық сарапшылар қатарында:

- Нинислав Шчуканец-Шмидт, Жоғары білім саласының саясат мәселелері жөніндегі сарапшысы, Білім беруді дамыту институтының негізін қалаушы және атқарушы директоры (Загреб, Хорватия);
 - Ана Складар Матевеиц, Жоғары білім саласының саясат мәселелері жөніндегі сарапшысы, Білім беруді дамыту институты (Загреб, Хорватия).
- Семинар жұмысына Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техни-

калық университетінің Басқарма мүшесі — Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректоры Қанапиянов Тимур қатысты.

Семинардың негізгі мақсаттарына сәйкес, қатысушылар:

Жоғары білім беруде теңдік пен инклюзияның маңыздылығы туралы хабардарлықты арттырып, Қазақстан мен Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі (ЕЖБК) бар кедергілерді талқылады.

Еуропадағы үздік тәжірибелерді, нормативтік базаны және институционалдық үлгілерді зерт-

теп, теңсіздікті жоюға, арнайы білім алу қажеттіліктері бар студенттерді қолдауға, білім берудің әмбебап дизайнын дамытуға және студенттер мен оқытушылардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған шараларды талқылады.

Семинар қорытындысы ретінде қатысушылар ЕЖБК принциптері мен еуропалық университеттердің тәжірибесіне негізделген, Қазақстан жоғары білімінде теңдік пен инклюзияның негізгі басымдықтарын шешуге арналған жол карта-сын әзірлеудің негізін қалады.



Международная конференция к 60-летию Карибека Шерова



Мероприятие было приурочено к 60-летию выдающегося учёного, доктора технических наук, профессора Карибека Тагаевича Шерова.

Конференция собрала ведущих учёных, преподавателей и молодых исследователей со всех уголков Казахстана и зарубежья. Среди них были и представители Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова — в основном, ученики юбиляра, профессора К. Шерова.

В НАО «Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина» состоялась международная научно-практическая конференция на тему: «Развитие машиностроительной отрасли и подготовка высококвалифицированных кадров новой формации: состояние, проблемы и пути их решения».

Это подчеркивало преемственность научных традиций и глубокое уважение к труду и вкладу ученого в отечественную науку.

Приветственный адрес от имени Председателя Правления — Ректора КартУ имени Абылкаса Сагинова Сауле Сагинтаевой вручил виновнику торжества доктор технических наук, профессор А. Кадыров. Тепло поздравив юбиляра, он подчеркнул его научный и педагогический вклад, выдающуюся роль профессора Шерова в развитии инженерного образования и машиностроительной науки в стране.

Профессор Карибек Шеров внёс весомый вклад в развитие науки в Карагандинском техни-

ческом университете, где он трудился с 2007 по 2021 годы, занимая должности доцента, профессора и заведующего кафедрой. Основал научную школу, которая успешно функционирует и по сей день. Под его руководством подготовлено более 15 докторов



философии (PhD), и сегодня он продолжает активно заниматься научной и педагогической деятельностью, воспитывая новое поколение учёных и инженеров.

Конференция стала важной площадкой для обмена мнениями, обсуждения актуальных проблем отрасли и определения перспективных направлений развития машиностроения и инженерного образования. Она не только подчеркнула значимость вклада К. Шерова в развитие науки, но и продемонстрировала устойчивые связи между университетами, научными школами и молодыми специалистами.



WorldSkills Karaganda 2025 — біз үздіктер қатарындамыз!



11 маусымда Қарағанды қаласында WorldSkills Karaganda 2025 өңірлік чемпионатының салтанатты жабылу рәсімі өтті. Аталмыш шарада біздің Инновациялық технологиялар колледжінің студенттері жоғары нәтиже көрсетіп, зор жетістіктерге жетті!

(КАУ-9/22-2 тобы, оқытушысы — Е. Жексембеков);

- Электроника бағыты бойынша 3-орын — Василий Мирончик (КАУ-9/23-2 тобы, оқытушысы — А. Напталов);
- Жүк экспедициясы бағыты бойынша 3-орын — Роман Ляликов (КОПЖТ-22-2 тобы, оқытушысы — М. Мақажанова);
- Өнеркәсіптік автоматика бағыты бойынша 2-орын — Данил Мун (КАУ-9/21-2 тобы, оқытушысы — А. Жупышева).

Сондай-ақ жүлдегерлерге ақшалай сертификаттар табысталды:

- 3-орын үшін — 50 000 теңге.
- 2-орын үшін — 75 000 теңге.

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Басқарма Төрағасы — ректоры Сауле Сагинтаеваға және Ин-

новациялық технологиялар колледжінің директоры Нұрбибі Смағұловаға — студенттерімізге көрсеткен қолдауы, шабыт бер-

Біз студенттерімізді мақтан тұтамыз және алда оларды бұдан да биік кәсіби белестер күтіп тұрғанына сенімдіміз!



гені және барлық жағдай жасағаны үшін ерекше алғыс білдіреміз.

Чемпионатты жоғары деңгейде ұйымдастырған барлық ұйымдастырушыларға — кәсіби атмосфера мен ұмытылмас әсерлер үшін шынайы алғысымызды білдіреміз!

WorldSkills — бұл жай ғана са-йыс емес, бұл — болашаққа жасалған сенімді қадам!

Чемпионат барысында олар кәсіби білімнің жоғары деңгейін, креативтілікті және шынайы командалық рухты паш етті.

Жүлдегер студенттерімізді және олардың тәлімгерлерін шын жүректен құттықтаймыз:

- «Веб-дизайн және әзірлеу» бағыты бойынша 3-орын — Алдияр Оспан (КПО-22-2 тобы, оқытушысы — Қ. Қазиева);
- Прототиптеу бағыты бойынша 3-орын — Максим Валиев



Startup Village 2025

Делегация Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова приняла участие в крупнейшем технологическом событии России — конференции Startup Village 2025, которая прошла на территории инновационного центра «Сколково».

ран, включая представителей свыше 1300 корпораций и 1000 инвесторов. Делегация КарТУ имени Сагинова приняла участие в деловой программе форума, посетив сессии, посвященные вопросам технологического лидерства, стратегического развития инноваций, взаимодействия университетов с индустрией, привлечения инвестиций, поддержки стартапов и внедрения новых технологий в образовательные процессы.

В рамках визита представители университета ознакомились с инфраструктурой инновационного центра «Сколково» и посе-

тили кампус Сколковского института науки и технологий (Сколтех), где были представлены образовательные и исследовательские программы в таких направлениях, как искусственный интеллект, биотехнологии, робототехника и цифровые технологии.

Участие в Startup Village 2025 и знакомство с экосистемой «Сколково» открывают для КарТУ имени Абылкаса Сагинова новые возможности в сфере научного сотрудничества, академических обменов и реализации совместных проектов в области технологического предпринимательства



и подготовки специалистов для цифровой экономики. Визит делегации стал значимым шагом на пути интеграции университета в международное сообщество инноваций и укрепления его позиций как ведущего технического вуза региона.



Saginov Technical University түлектеріне диплом табыстау рәсімі басталды

19 маусымда Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-да инженерлік экономика және менеджмент факультетінің түлектеріне диплом бастау рәсімі өтті.

